

## Талғар ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2014-2016 жылдарға белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 маусымдағы № 33-186 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 06 тамызда № 2794 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 шілдедегі № 6-30 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 20.07.2016 № 6-30 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 422-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Талғар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызметін Талғар ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкалары 2014-2016 жылдарға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Әлеуметтік-экономикалық дамыту және бюджет жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихаттың  
хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Талғар ауданы бойынша  
салық басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

Р.Босқынбаев

Д.Теберіков

Құралбаев Қанат Сыбанбайұлы

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 30  
маусымдағы "Талғар ауданы бойынша  
бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2014  
-2016 жылдарға белгілеу туралы" 33-186  
шешіміне қосымша

**Қызметін Талғар ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық  
төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары 2014-2016  
жылдарға**

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын а в т о м а т ы	11
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	17
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	20
5	Карт	11
6	Бильярд үстелі	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК